



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ




ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 174–
184
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP 03.61.91 / МРНТИ 03.61.91/ IRSTI: 03.61.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_174-184

У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Лайла Алиевна Махамбетова¹, Гулжан Асановна Мейрманова^{2*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
«Этнология және антропология» ББ 1 курс докторанты
<http://orcid.org/0000-0002-7756-6833>. E-mail: laila030578@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Автор-корреспондент
<https://orcid.org/0000-0003-3990-01726>. E-mail: meirmanovaga@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Махамбетова Л., Мейрманова Г., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада көрнекті этнограф, археолог, академик Уахит Хамзаұлы Шәлекенов еңбектеріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесі тарихи-этнографиялық тұрғыдан талданады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты – Уахит Хамзаұлы Шәлекенов еңбектеріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау. Зерттеудің міндеттері қазақтар мен қарақалпақтардың мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулау тәжірибелерін салыстыру, олардың табиғи-географиялық ортаға бейімделу ерекшеліктерін айқындау болып табылады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің материалдық негізін У. Х. Шәлекеновтің қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесіне қатысты еңбектері құрады. Ғалым еңбектерін талдауда тарихи-салыстырмалы, тарихи-контекстуалды және жүйелеу әдістері қолданылып, бұл қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық үлгілеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ табиғи және тарихи жағдайлардың ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Аталған әдістер У. Х. Шәлекенов зерттеулерінің этнография мен Орталық Азия тарихындағы методологиялық маңызын айқындап, екі халық шаруашылығындағы өзгерістерді құрылымдық тұрғыдан жүйелеуге негіз болды. *Нәтижелері.* Зерттеу нәтижесінде екі халықтың шаруашылық жүйесі өзара ықпалдастықта дамыған ортақ шаруашылық-мәдени кеңістік аясында қалыптасқаны анықталды. Қорытындысында У. Х. Шәлекенов еңбектерінің қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін зерттеуде деректік және әдіснамалық маңызы жоғары екені көрсетілді. *Қорытынды.* У. Х. Шәлекенов еңбектері қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін табиғи-географиялық ортаға бейімделу мен өзара ықпалдастық тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік беретін деректік және әдіснамалық маңызы жоғары ғылыми мұра екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: У.Х. Шәлекенов, этнография, қазақтар, қарақалпақтар, шаруашылық.

Дәйексөз үшін: Махамбетова Л.А. Мейрманова Г.А. У.Х. Шәлекеновтің еңбектеріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесі // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 174–184-бб. [Қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_174-184

ХОЗЯЙСТВЕННАЯ СИСТЕМА КАЗАХОВ И КАРАКАЛПАКОВ В ТРУДАХ У.Х. ШАЛЕКЕНОВА

Лайла Алиевна Махамбетова¹, Гульжан Асановна Мейрманова^{2*}

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)
Докторант 1 курса ОП «Этнология и антропология»
<http://orcid.org/0000-0002-7756-6833>. E-mail: laila030578@gmail.com

² Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент
<https://orcid.org/0000-0003-3990-01726>. E-mail: Meirmanovaga@gmail.com

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Махамбетова Л., Мейрманова Г., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье историко-этнографически анализируется традиционная хозяйственная система казахов и каракалпаков в трудах выдающегося этнографа, археолога, академика Уахита Хамзаулы Шалекенова. *Цель и задачи исследования.* Цель статьи – провести историко-этнографический анализ традиционной хозяйственной системы казахов и каракалпаков в трудах Уахита Хамзаулы Шалекенова. Задачи исследования заключаются в сравнительном рассмотрении практик скотоводства, земледелия и рыболовства у казахов и каракалпаков, а также в выявлении особенностей их адаптации к природно-географической среде. *Материалы и методы.* Материальную основу исследования составили труды У. Х. Шалекенова, посвященные традиционной хозяйственной системе казахов и каракалпаков. В ходе анализа использованы историко-сравнительный, историко-контекстуальный и систематизирующий методы, что позволило выявить сходства и различия в хозяйственных моделях двух народов, а также показать влияние природных и исторических факторов. Применение данных методов позволило определить методологическое значение исследований У. Х. Шалекенова для этнографии и истории Центральной Азии и структурно систематизировать изменения в хозяйстве обоих народов. *Результаты.* В результате исследования установлено, что хозяйственные системы казахов и каракалпаков сформировались в рамках общего хозяйственно-культурного пространства и развивались во взаимном взаимодействии. Показано, что труды У. Х. Шалекенова обладают высокой источниковедческой и методологической значимостью для изучения традиционной хозяйственной системы казахов и каракалпаков. *Заключение.* Труды У. Х. Шалекенова представляют собой научное наследие, имеющее высокую источниковедческую и методологическую ценность, позволяющее рассматривать традиционную хозяйственную систему казахов и каракалпаков в контексте адаптации к природно-географической среде и взаимного хозяйственного взаимодействия.

Ключевые слова: У. Х. Шалекенов, этнография, казахи, каракалпаки, хозяйство.

Для цитирования: Махамбетова Л.А. Мейрманова Г.А. У.Х. Хозяйственная система казахов и каракалпаков в трудах У. Х. Шалекенова // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 174–184. [на казахском.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_174-184

THE ECONOMIC SYSTEM OF THE KAZAKHS AND KARAKALPAKS IN THE WORKS OF U. KH. SHALEKENOV

Laila Makhambetova¹, Gulzhan Meirmanova^{2*}

¹Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan)
1st year doctoral student EP “Ethnology and Anthropology”

<http://orcid.org/0000-0002-7756-6833>. E-mail: laila030578@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

<https://orcid.org/0000-0003-3990-01726>. E-mail: Meirmanovaga@gmail.com

*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026

© Makhambetova L., Meirmanova G., 2026

Abstract. *Introduction.* The article provides an historical and ethnographic analysis of the traditional economic system of the Kazakhs and Karakalpaks as reflected in the works of the prominent ethnographer, archeologist, and academician Uakhit Khamzinovich Shalekenov. *Purpose and objectives of the study* are to conduct an historical and ethnographic analysis of the traditional economic system of the Kazakhs and Karakalpaks in the works of Uakhit Khamzauly Shalekenov. The objectives include a comparative examination of pastoralism, agriculture, and fishing practices among the Kazakhs and Karakalpaks, as well as identifying the features of their adaptation to the natural and geographical environment. *Materials and methods.* The empirical basis of the study consists of Shalekenov’s works devoted to the traditional economic systems of the Kazakhs and Karakalpaks. The research employs historical-comparative, historical-contextual, and systematization methods, which make it possible to identify similarities and differences in the economic models of the two peoples and to demonstrate the influence of natural and historical factors. These methods also help to determine the methodological significance of Shalekenov’s studies for ethnography and the history of Central Asia and to structurally systematize changes in the economic practices of both peoples. *Results.* The study shows that the economic systems of the Kazakhs and Karakalpaks developed within a shared economic and cultural space and evolved through close interaction. It is demonstrated that Shalekenov’s works have high source-based and methodological value for the study of the traditional economic systems of the Kazakhs and Karakalpaks. *Conclusion.* Shalekenov’s scholarly legacy represents a body of work of high source-based and methodological significance, enabling the traditional economic systems of the Kazakhs and Karakalpaks to be examined in the context of adaptation to the natural and geographical environment and mutual economic interaction.

Keywords: U. Kh. Shalekenov, ethnography, Kazakhs, Karakalpaks, economy.

For citation: Makhambetova L.A., Meirmanova G.A. The Traditional Economic System of the Kazakhs and Karakalpaks in the Scholarly Works of U.Kh. Shalekenov // Otan tarihy. Vol. 29. No 1. Pp. 174–184. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_174-184

Кіріспе. Қазақстан тарихы мен этнография ғылымында Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің орны айрықша. Ғалым Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының тарихы, археологиясы және этнографиясын зерттеуге өмірін арнап, әсіресе Әмудария мен Сырдария бойындағы халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысын тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерделеді. Ол отандық тарих ғылымында археологиялық және этнологиялық деректерді кешенді түрде пайдалану арқылы аймақтық этнографияны ғылыми айналымға енгізуге елеулі үлес қосты.

У.Х. Шәлекеновтің этнографиялық зерттеулері бірнеше ғылыми бағытты қамтығанымен, олардың ішінде қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін зерттеу жетекші орын алады. Ғалым архивтік және далалық этнографиялық материалдар негізінде Әмударияның төменгі ағысын мекендеген қазақтар мен қарақалпақтардың мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулауға негізделген аралас шаруашылық жүйесін табиғи-географиялық орта, ирригациялық құрылым және әлеуметтік қатынастармен өзара байланыста талдады. Ол шаруашылықты тек экономикалық қызмет түрі ретінде емес, этникалық бейімделу мен мәдени тәжірибенің тұтас жүйесі ретінде қарастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, Шәлекенов еңбектеріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесін салыстырмалы талдау аймақтық этнологияны түсінуде маңызды ғылыми мәнге ие. Аталған мәселе мақаланың негізгі өзегін құрай отырып, Орталық Азия халықтарының шаруашылық-мәдени бейімделу ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің «Шымбай ауданы қарақалпақ шаруаларының өмір салты: өткені мен бүгіні» [Шәлекенов, 1958], «1960 жылғы Қоңырат этнографиялық отрядының материалдары жайлы» [Шәлекенов, 1962], «К вопросу о взаимоотношениях казахских племен с оседлым и полуседлым населением Хорезма в XVIII-XIX вв.» [Шәлекенов, 1964], «Амударияның төменгі ағысындағы қазақтар» [Шәлекенов, 1966], «Арал маңы қазақтарының этнографиялық очерктері» [1978] және «Орта Азия және Қазақстан халықтарының этнографиясы: арнаулы курс бағдарламасы» [Шәлекенов, 1993] және «XVIII-XXғғ. Әмудария және Сырдария халықтарының тарихы мен этнологиясы» [Шәлекенов, 2003] атты еңбектері алынды.

1953 жылы Ресей Ғылым академиясы Этнология және антропология институтында «Қарақалпақ АКСР-інің Шымбай ауданындағы материалдар негізінде қарақалпақ колхозшы шаруаларының тұрмысындағы социалистік өзгерістер» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы да зерттеу материалын құрайды [Шәлекенов, 1953].

Ғалымның зерттеулерін талдау барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-контекстуалды және жүйелеу әдістері қолданылды. Аталған алғашқы әдіс қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық үлгілеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға, сонымен қатар табиғи және тарихи жағдайлардың ықпалын көрсетуге мүмкіндік берді. Өз кезегінде ғалым еңбектерінің этнография мен Орталық Азия тарихындағы методологиялық маңызын айқындады. Екі халықтың шаруашылығындағы өзгерістерді анықтауда тарихи-контекстуалды әдіс көмектесті. Жүйелеу әдісі ғалымның тұжырымдарын құрылымдық тұрғыдан реттеуде негіз болды.

Талқылау мен нәтижелер. Танымал академик, тарих ғылымдарының докторы және этнограф Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің өмірі, қызметі, ғылыми-зерттеу және ұстаздық еңбектері туралы шәкірттері мен әріптестері жазған көптеген мақалалар мен естеліктер бар. Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің өмірі, ұстаздық және ғылыми қызметі туралы көптеген зерттеулер мен естеліктер жарияланған. Сонымен қатар, У.Х. Шәлекеновтің өмірбаяны мен ғылыми ізденістері қысқаша түрде Қазақ Совет Энциклопедиясында [Шәлекенов Уақит Хамзаұлы, 1978: 171], Қазақ ССР қысқаша энциклопедияларында [Шәлекенов У.Х., 1988: 573] баяндалған.

У. Шәлекеновтің ғылыми мұрасын бағалаған шәкірттері мен әріптестері оның еңбектерін түрлі қырынан талдап, тарихи-этнографиялық зерттеулерінің құндылығын айқындаған. 2014 жылы ғалымның 90-жылдығына орай Т.Е. Қартаеваның «Отан тарихы» журналына құттықтау мақала шықты [Қартаева, 2014]. 2022 жылы ұйымдастырылған «I У.Шәлекенов оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында Ә.Т. Төлеубаев, М. Елеуов, Ж.К. Таймағамбетов және Б.К. Қалшабаеваның мақалалары жарық көрді [Төлеубаев, 2022; Елеуов, 2022; Таймағамбетов, 2022; Қалшабаева, 2022]. Ғалымның ғылыми мұрасы өзінің шәкірті Е.Ш. Ақымбектің мақаласына арқау болды [Ақымбек, 2022: 17].

Жоғарыда айтылғандай, қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесі У.Х. Шәлекеновтің басты зерттеу мәселелерінің бірі болды. Еңбектері этнографиялық-сипаттамалық деңгейде ғана емес, тарихи-мәдени процестерді түсіндіретін пәнаралық ғылым ретінде дамытты. Оның зерттеулері қазақтар мен қарақалпақтардың мәдениеті мен тұрмысын кең тарихи өрісте қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл этнографиядағы деректік сенімділікті күшейтіп, әдіснамалық жаңашылдық енгізді.

Кандидаттық диссертациясын У. Шәлекенов Ресей ғылым академиясында этнология және антропология институтында 1953 жылы «Қарақалпақ АКСР-інің Шымбай ауданындағы материалдар негізінде қарақалпақ колхозшы шаруаларының тұрмысындағы социалистік өзгерістер» атты тақырыбында қорғаған [Шәлекенов, 1953]. Нәтижеде бұл еңбек қазақ және қарақалпақ этнографиясының деректік қорын байытқан іргелі еңбек болды. Бұл зерттеуде ғалым ауыл шаруашылығының құрылымын, тұрмыс салтын және дәстүрлі мәдениетті кешенді түрде қарастырып, далалық материалдарды ғылыми айналымға енгізді. Ол диссертациясында этнографиялық бақылаулар мен далалық материалдарға сүйене отырып, Чимбай өңіріндегі колхоздық шаруашылықтың күнделікті өмірін сипаттады. Бұл деректер этнографияда сирек кездесетін нақты тұрмыстық мәліметтерді қамтиды.

Автор 1930–1950 жылдар аралығындағы социалистік құрылыстың ауыл тұрмысына әсерін, дәстүрлі өмір салтының өзгерісін көрсеткен. Диссертация қарақалпақ халқының тұрмысындағы социалистік өзгерістерді алғашқылардың бірі болып жүйелі түрде зерттеген еңбектердің қатарында. Ол этнографиялық материалдар арқылы ауылдағы күнделікті өмірдің қалай өзгергенін нақты мысалдармен көрсетеді.

Қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық мәдениетін салыстырмалы түрде талдады. Материалдық мәдениетті [тағам, киім, еңбек құралдары] әлеуметтік-экономикалық жағынан қарастырды. Дәстүрлі тұрмыстың кеңестік кезеңдегі өзгеріске ұшырауын көрсетті. Зерттеу құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы-тарихи әдістерге сүйеніп, этнографияны деректанулық тұрғыдан байытты. У.Шәлекенов этнографиялық материалды тек сипаттап қана қоймай, оны әлеуметтік процестердің динамикасымен байланыстырды.

Бұл диссертация кейінгі еңбектеріне [1966, 1978 ж. монографияларына] негіз болды. Ол этнографияны пәнаралық тұрғыдан дамытуға, қазақтар мен қарақалпақтардың мәдениеті мен тұрмысын кешенді пайымдауға жол ашты. Зерттеуші Қарақалпақстанның Шымбай ауданының географиялық, тарихи және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін кешенді талдай отырып, табиғи-экологиялық орта мен шаруашылық құрылымының өзара байланысын зерттеу шеңберінде негіздейді. Амудария өзеніне сүйенген ирригациялық жүйе, топырақ жамылғысының әркелкілігі мен өсімдік табиғатының ерекшеліктері егіншіліктің дамуына қолайлы алғышарттар қалыптастырғаны анықталады. Революцияға дейінгі кезеңде өңірде дәнді дақыл өсіру, бау-бақша және мақта шаруашылығы жетекші рөл атқарған, ал мал шаруашылығы қазақ қауымдары арасында басым, қарақалпақтарда қосалқы кәсіп ретінде сақталған [Шәлекенов, 1958: 95].

Этнографиялық зерттеулерінің басты деректік тірегі ХХ ғасырдың 1950-жылдары Қарақалпақстан аумағында жүргізілген далалық экспедициялар барысында жинақталған материалдар. Бұл экспедициялар барысында ғалым халықтың революцияға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік өзгерістер, колхоздардың құрылу тәжірибесі, дәстүрлі шаруашылық үлгілері мен әлеуметтік қатынастар жөнінде мол этнографиялық деректерді жинады. Далалық материалдар этнографиялық ғылымда деректанулық сенімділікті қамтамасыз ететін негізгі база ретінде қарастырылды [Шәлекенов, 1958: 269].

Аталған зерттеулердің қатарында «1960 жылғы Қоңырат этнографиялық отрядының материалдары жайлы» атты мақаласы маңызды орын алады [Шәлекенов, 1960]. Ол этнографиялық экспедиция барысында жиналған материалдар негізінде Қоңырат өңіріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың тұрмыс-тіршілігі, дәстүрлі мәдениеті мен әлеуметтік қатынастарын қарастырған. Өңірдің әлеуметтік құрылымы мен құқықтық дәстүрлеріне қоңырат қауымындағы туыстық байланыстар, рулық қатынастар және олардың қоғамдық өмірдегі рөлін сипаттаған. Автор Қоңырат халқының ортағасырлық егістік алқаптарын қайта игеріп, ирригациялық жүйені жетілдірді деп атап өтіп, өз пікірін ҚР ОМА-ң құжаттарымен де нақтылайды. «Қарақалпақтар ежелгі және ортағасырлық каналдарды зерттеп, оларды тереңдетіп, жер шаруашылығында қолданды. Оны XVIII-XIX ғғ. Бештам-қала және т.б. қалашықтарды қазу барысында байқауға болады. Сонымен қатар шөл аймақтарды да игергенін айту керек», – деп жазады [Шәлекенов, 1960: 72]. Сөйтіп, оның деректері бойынша, қазақтарда қоныстану схемасы табиғи жағдайлармен және мал санына байланысты икемді қалыптасқан, бұл олардың әлеуметтік құрылымы мен отбасы дәстүрлерімен тығыз байланысты болды [Шәлекенов, 1960: 80].

Келесі еңбегі баяндама түрінде болғанымен, онда қазақтар мен Хорезмнің отырықшы және жартылай отырықшы халқы арасындағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстары қарастырылған. Ғалым Амударияның төменгі ағысындағы қазақтардың өзбек, қарақалпақ және түркмендермен сауда қатынасын дамытып, өнімдерін айырбас саудаға салғанын белгілейді [Шәлекенов, 1964: 5]. Әрі қарай ойын дамыта, А.Л. Кунның «оң жағалаудағы қазақтар үшін Шымбай Қожеліден кейін екінші сауда орталығы болды» деген пікірін негізгі алып, «Хиуа, Көне Үргеніш, Жаңа Үргеніш, Гүрлен, Хазарасп, Қожелі, Маңғыт және Қоңырат қалалары отырықшылар мен көшпелілер үшін қолайлы сауда орны болды. Мал шаруашылығы өнімдерін [ет, тері, жүн] айырбасқа салып, орнына қолөнер бұйымдары, астық, тұрмыстық заттар алған» деп тұжырымдайды [Шәлекенов, 1964: 5]. Яғни, автордың пікірінше, ХІХ ғасырда көшпелілер көктемде Үстіртке көшкенде және күзде қыстауға оралғанда базарда қазақтардың көп болуы себепті, осы күнге дейін, яғни ХХ ғасырдың 60-жылдары зерттеу жүргізген кезеңде де Қоңыраттағы базар ел арасында «қазақ базары» деп аталып кеткенін алға тартады [Шәлекенов, 1964: 6]. Әрі қарай автор, «Хорезм қазақтары

1917 жылға дейін көшпелі мал шаруашылығымен айналысты, атап айтсақ Әлімұлы және Байұлы рулары. Одан кейін кедейленген қазақтар малы болмағандықтан, отырықшылыққа өтті. Қарақалпақтар да суармалы егіншілікпен айналысты. Сыр бойынан келген Әлімұлы қазақтары тез үйренді, себебі олар бұрыннан егін салған» [Шалекенов, 1964: 6].

«Шаруашылық өзара ықпалдастығы ретінде көшпелі қазақтар егіншілік пен қолөнер дәстүрлерін отырықшы халықтан үйренген, ал Хорезм тұрғындары мал өнімдеріне тәуелді болған» деген пікірі қызығушылық тудырады [Шалекенов, 1964: 7]. Қазақ руларының Хорезм хандығымен қарым-қатынасы кейде бейбіт саудаға, кейде әскери-саяси шиеленістерге ұласқан. Бұл байланыстар аймақтық тұрақтылыққа әсер еткен. Діни дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және тілдік элементтер алмасқан. Қазақтар арасында Хорезмдік діни орталықтардың ықпалы байқалған. У. Шалекенов бұл мақаласында қазақ қоғамының тарихын тек көшпелі тұрмыс арқылы емес, отырықшы өркениеттермен өзара байланыста қарастыру қажеттігін көрсетеді. Ол қазақ руларының Хорезммен қарым-қатынасы арқылы: экономикалық бейімделуін, мәдени алмасуды, аймақтық интеграцияны дәлелдейді. Бұл мақала қазақ тарихындағы көшпелі мен отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалына назар аударған алғашқы ғылыми зерттеулердің бірі. Ғалым қазақ руларының Хорезммен байланысын тек сауда немесе саясат тұрғысынан емес, қоғамдық дамудың кешенді факторы ретінде қарастырады.

1966 жылы жарық көрген У.Х. Шалекеновтің «Әмударияның төменгі ағысындағы қазақтар» атты монографиясы өңірдегі қазақтардың тарихи этнографиясын кешенді түрде сипаттаған іргелі зерттеу. Ғалым шежірелік деректер, далалық және архивтік материалдарды кеңінен пайдалана отырып, қазақтардың көне дәуірден бастап қоныстану тарихын, шаруашылық түрлерін және өзге халықтармен этномәдени байланыстарын жан-жақты талдайды. Бұл еңбек қазақтардың Әмудария өңіріндегі этномәдени даму ерекшеліктерін түсінудегі маңызды дереккөздердің бірі саналады [Шалекенов, 1966].

Автор Әмударияның төменгі ағысында негізінен Арал теңізінің батыс және шығыс жағалауларынан келген Кіші жүз рулары қоныстанғанын атап өтіп, олардың бұл аймаққа көшіп келгенге дейін де егіншілікпен айналысқанын көрсетеді [Шалекенов, 1966: 108]. Бұл пікірін Н.Н. Каразиннің Сырдария бойындағы көне суландыру жүйелерінің іздері туралы жазбаларымен, сондай-ақ КСРО ҒА Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы құрамында жүргізілген көпжылдық зерттеу нәтижелерімен негіздейді [Шалекенов, 1966: 75–76]. Осы тұрғыда ғалым: «Әмудария мен Сырдария бойындағы қазақтарда егіншіліктің дамуына Орта Азияның отырықшы және жартылай отырықшы халықтарымен тығыз байланыс ықпал етті. Өзбек және қарақалпақ халықтары қазақтарға жасанды суландыру негізіндегі егіншілік жүргізу тәжірибесін берді», – деп тұжырымдайды [Шалекенов, 1966: 75]. Бұл ойды дәлелдеу үшін А.И. Левшиннің мәліметтерін де ғылыми айналымға енгізеді.

У.Шалекенов қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығын негізгі тіршілік көзі ретінде сипаттай отырып, қой, жылқы және түйе өсіру кең тарағанын, ал өзен аңғарларында егіншіліктің қосымша сипат алғанын көрсетеді. Мал өнімдері [ет, жүн, тері] айырбас пен сауда қатынастарында маңызды рөл атқарған. Ал, қарақалпақтарда, керісінше, егіншілік пен балық аулау жетекші кәсіп ретінде дамыған. Әмудария мен Сырдария бойындағы суармалы егіншілік жүйелері арқылы тары, бидай, күріш және мақта өсірілгенімен, мал шаруашылығы да халық тұрмысында елеулі орын алған [Шалекенов, 1966: 109].

Екі халықтың шаруашылық жүйесін салыстыра келе, автор олардың табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктерін айқындайды: қазақтарда көшпелі мал шаруашылығы басым болса, қарақалпақтарда отырықшы егіншілік пен балық аулау жетекші орын алған. Дегенмен, сауда және айырбас қатынастары арқылы екі халық арасында тұрақты экономикалық және мәдени ықпалдастық қалыптасқан. Ғалымның қорытындысы бойынша, «қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылығы тек экономикалық бейімделу формасы ғана емес, мәдени сабақтастық пен этнографиялық тұтастықтың көрінісі» болып табылады [Шалекенов, 1966: 116]. Бұл тұжырым өңірлік интеграция мен әлеуметтік тұрақтылықты түсіндіруде маңызды ғылыми мәнге ие.

Сонымен қатар автор Әмудария бойындағы қазақтардың егіншілікпен ертеден айналысқанын орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектері арқылы негіздейді. Ол қазақтарда егіншіліктің дамуын Орта Азияның отырықшы және жартылай отырықшы халықтарымен үздіксіз байланыста болуы әсер етті, ауқатты қазақтардың егістікке кедей батырақтарды жалдағанын атап өтеді [Шалекенов, 1966: 76–77]. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің материалдары

негізінде сұлы, зығыр, бидай егу тәжірибесі дәлелденіп, бау-бақша шаруашылығының дамуыны қарақалпақ дикандарының тартылғаны көрсетіледі.

Ғалым қоныстану мен шаруашылық ұйымдасу мәселесін талдай отырып, елді мекендердің су арналары мен өзен бойында шоғырлануын табиғи ортаға бейімделудің тарихи формасы ретінде түсіндіреді. Қоныстану құрылымы отырықшы-егіншілік және жартылай көшпелі шаруашылық үлгілерінің өзара ықпалдастығы арқылы сипатталып, этникалық топтардың шаруашылық бейімделуі мен кеңістіктік ұйымдасу жүйесі салыстырмалы-этнографиялық тұрғыда талдады [Шалекенов, 1966: 108].

У. Шалекенов маусымдық еңбек циклін, шаруашылық жұмыстарының табиғи-климаттық ырғаққа тәуелділігін, сондай-ақ ауыл ішіндегі еңбек бөлінісі мен әлеуметтік кооперация формаларын айқындайды. Автордың пайымдауынша, әлеуметтік-экономикалық трансформация нәтижесінде дәстүрлі шаруашылық құрылымдары біршама өзгеріске ұшырағанымен, олардың негізгі элементтері мәдени сабақтастық аясында сақталып, этникалық ортада тұрақтанған. Сонымен қатар зерттеуде қоныстану типологиясы шартты түрде бірнеше үлгіге бөлінеді: өзен бойындағы ирригациялық қоныстар, шаруа-отырықшы ауылдар, маусымдық қоныс пен шаруашылық учаскелері. Мұндай жіктеу аймақтық қоныстану жүйесін құрылымдық-функционалдық тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық кеңістігін этнографиялық деңгейде сипаттайды. Осылайша, У.Х. Шалекенов еңбектерінде шаруашылық пен қоныстану мәселелері тек экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, этникалық бірегейлік, мәдени бейімделу және тарихи тәжірибе контекстінде қарастырылып, аймақтық этнографияның деректік және теориялық базасын толықтырды [Шалекенов, 1966: 100–107].

Еңбекте автор, «өңір қазақтарының қойды тауарлық маңызда пайдаланғанын, жалпы жайылымдық жердің болуы мал шаруашылығына тиімді болды» деп санайды [Шалекенов, 1966: 112]. Ет тағамдары мал шаруашылығымен байланысты мәдени-экономикалық факторлар арқылы түсіндіріліп, маусымдық тұтыну үлгілерімен қарастырылады. У.Х. Шалекеновтың тұжырымына сүйенсек, Амудария өңіріндегі қазақтар мен қарақалпақтардың тағамдық жүйесінде нан өнімдері басты назарда болған: олар дәстүрлі түрде әртүрлі формадағы шелпек және тандыр-тағам түрінде дайындалған. Сонымен қатар өсімдік тектес және сүт өнімдері маңызды тағамдық компонент ретінде сипатталады, бұл жергілікті шаруашылық құрылымы мен табиғи ортаға бейімделген өмір салтынан туындайды. Ет тағамдары мал шаруашылығымен байланысты мәдени-экономикалық факторлармен түсіндіріліп, маусымдық тұтыну үлгілерімен байланыста қарастырылады [Шалекенов 1966: 111]. У.Х. Шалекенов тағам мәдениетін тұрмыстық тәжірибе ғана емес, қоғамның әлеуметтік қатынастары мен дәстүрлі өмір салтының көрсеткіші ретінде бағалап, оның этникалық мәдениеттің маңызды маркері ретіндегі рөлін негіздейді.

У.Х. Шалекеновтің бұл еңбегі жарық көрген бойда ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Мәселен, 1966 жылы тарих ғылымдарының докторы А. Садықов «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Соны зерттеу» атты мақаласында: «Бұл зерттеу сонылығымен назар аудартады. У. Шалекенов отырықшылар мен көшпенділер арасында ежелден келе жатқан антагонизм бар деген пікірдің жаңсақ екенін дәлелдеп шыққан. Монографияның ғылымға қосылған үлес екендігіне дау жоқ» деп атап өткен [Садықов, 1966: 6].

Автордың бұл бағыттағы зерттеулері 2003 жылы жарық көрген «XVIII–XX ғғ. Әмудария және Сырдария халықтарының тарихы мен этнологиясы» атты біріккен монографиясында жалғасын тапты. Аталған еңбекте У. Х. Шалекенов Орталық Азия халықтарының шаруашылық жүйесін тарихи-этнографиялық тұрғыдан жіктей отырып, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында аймақта шаруашылықтың үш негізгі түрі қалыптасқанын көрсетеді: отырықшы халықтардың жасанды суландыруға негізделген интенсивті егіншілігі; жартылай отырықшы халықтардың мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастыруы; көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрлері. Автордың пікірінше, табиғи-географиялық жағдайларға байланысты бұл типтердің бірі белгілі бір өңірде басымдыққа ие болады. Алайда Әмударияның төменгі ағысын мекендеген Қарақалпақстан халқы үшін ежелден кешенді шаруашылық жүйесі егіншілік, мал шаруашылығы және балық аулау қатар дамыған [Шалекенов, 2003: 95].

Ғалым революцияға дейінгі деректерге талдау жасай отырып, Әмудария бойындағы халықтарды тек «отырықшы» немесе «көшпелі» деп қатаң бөлу ғылыми шындыққа сәйкес келмейтінін негіздейді. Оның тұжырымы бойынша, бұл аймақта отырықшылық пен жартылай отырықшылық түрлері кең таралған [Шалекенов, 2003: 96]. Мұндай қорытынды табиғи-географиялық ортаның әркелкілігімен

байланыстырылады: өңірде оазистік егістік алқаптармен қатар тақыр және шөлейт аймақтар қатар орналасып, климаттың континентальды сипаты шаруашылықтың әртүрлі формаларының қалыптасуына әсер еткен.

Зерттеуші патшалық кезеңде [1912–1913 жж.] Әмудария бойындағы қарақалпақтардың Дәуқара, Шымбай, Талдық, Шурахан және Қызылқұм атты бес табиғи-шаруашылық аймаққа бөлінгенін көрсетеді. Мәселен, Дәуқара ауданында 1290 қазақ және 6 қарақалпақ шаруашылығы тіркеліп, олардың басым бөлігі егіншілікпен айналысқанымен, көшпелі шаруашылық та сақталған. Ал Қызылқұм ауданы табиғи жағдайына байланысты көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына қолайлы болған [Шалекенов, 2003: 98–99]. Қоныс аудару мекемесінің мәліметтеріне сүйене отырып, автор Дәуқарада жылқы, ірі қара, түйе және қой өсірілгенін, ал Қызылқұмда негізінен қой мен түйе шаруашылығы басым болғанын атап өтеді [Шалекенов, 2003: 100].

Шымбай мен Шурахан аудандары табиғи суландыру жүйелерінің дамуына байланысты тұрақты отырықшы шаруашылық аймақтары ретінде сипатталып, мұнда егіншілік балық аулаумен қатар жүргізілген [Шалекенов, 2003: 103]. Ал Талдық ауданы бойынша деректердің болмауы зерттеудің дереккөздік шектеулерін көрсетеді, бұл автор еңбегінің сыни тұрғыдан бағалануына мүмкіндік береді.

Қарақалпақтардың шаруашылық жүйесін талдай келе, ғалым олардың егіншілігінің үш түрін: лиманды, каирлы және тұрақты суармалы егіншілікті айқындайды. Алғашқы екі түрі табиғи су тасқындарын пайдалануға негізделген. Бұл жіктеу Әмудария өңіріндегі халықтардың шаруашылық-мәдени бейімделуінің көпқырлы сипатын көрсететін маңызды ғылыми нәтиже болып табылады [Шалекенов, 2003: 109].

«Арал маңы қазақтарының этнографиялық очерктері» атты еңбегінде У.Х. Шалекенов XIX–XX ғасырдың басында Арал өңірін мекендеген қазақтардың этнографиялық келбетін аймақтық ерекшеліктер негізінде талдайды. Зерттеуде қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен шаруашылық жүйесі табиғи-географиялық ортамен тығыз байланыста қарастырылып, өңірлік бейімделу тетіктері айқындалады. Автор теңіз маңы, өзен аңғарлары мен шөлейт ландшафттардың халықтың өмір салтына және шаруашылық құрылымына тікелей ықпал еткенін дәлелдейді [Шалекенов, 1978].

Ғалымның деректеріне сәйкес, Арал маңы қазақтары мал шаруашылығын негізгі тіршілік көзі ретінде сақтай отырып, егіншілік пен балық аулау кәсіптерін қатар дамытқан. Мал шаруашылығында қой, түйе және жылқы өсіру басым болса, егіншілікте тары, бидай, арпа және күріш өсіріліп, суармалы жүйелер кеңінен пайдаланылған. Сонымен қатар Арал теңізі мен өзен-көлдерде балық аулау өңір экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болған [Шалекенов, 1978: 29].

Осылайша, У.Х. Шалекенов Арал маңы қазақтарының өмірін тек жекелеген шаруашылық түрлерінің жиынтығы ретінде емес, табиғи орта, әлеуметтік құрылым және мәдени дәстүрлердің өзара сабақтастығы негізінде қалыптасқан кешенді жүйе ретінде қарастырады. Бұл тәсіл Арал өңіріндегі қазақтар мен көршілес қарақалпақтардың шаруашылық-мәдени өзара ықпалдастығын салыстырмалы тұрғыдан талдауға методологиялық негіз қалайды. Автор табиғи орта мен этнографиялық дәстүрлердің өзара байланысын көрсету арқылы аймақтық ерекшеліктерді жалпы қазақ мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіреді.

У.Х. Шалекеновтың «Орта Азия және Қазақстан халықтарының этнографиясы: арнаулы курс бағдарламасы» [Шалекенов, 1993] атты еңбегінде қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылығы этнографиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде қарастырылады. Автор екі халықтың табиғи ортаға бейімделген дәстүрлі шаруашылық жүйесін сипаттап, олардың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі ортақ және ерекше белгілерін айқындайды. Қазақтар үшін мал шаруашылығы негізгі тіршілік көзі болып, қой, жылқы және түйе өсіру кең тарағаны тағы да атап көрсетіліп, қарақалпақтарда егіншілік пен балық аулау маңызды орын алғанымен, мал шаруашылығы да халық тұрмысында елеулі рөл атқарғанын жазады [Шалекенов, 1993: 17]. Әрине, бұл еңбек арнаулы курс болғандықтан, көп жылдық зерттеулерінде негізінен ұсынған пікірлері ұысқаша тұжырымдалған. Екі халықтың шаруашылық мәдениеті өзара ықпалдастықта дамығанын, яғни, қазақтар қарақалпақтардан суармалы егіншілік тәжірибесін үйренсе, қарақалпақтар қазақтармен мал өнімдері арқылы сауда байланысын нығайтқанын айқындаған. Сонымен қатар, шаруашылық дәстүрлері олардың материалдық мәдениетінде – тұрғын үй, киім-кешек, тұрмыстық құралдарда – аймақтық ерекшеліктерді көрсетілген.

У.Х. Шалекенов ғылыми көзқарасын оның ұстазы, белгілі этнограф Т.А. Жданко [Жданко, 1950] еңбектерімен салыстыра қарастырсақ, екі ғалымның да зерттеу нысаны – Әмудария, Сырдария және

Арал маңын мекендеген қарақалпақтар мен қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы болғанымен, методологиялық басымдықтары әртүрлі екені байқалады.

У.Х. Шалекенов өз еңбектерінде қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесін этнографиялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеп, дәстүрлі мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулау тәжірибелерін табиғи-географиялық ортаға бейімделу үдерістерімен тығыз байланыста қарастырады. Ғалым екі халықтың шаруашылығын салыстыра отырып, айырбас пен сауда қатынастары арқылы қалыптасқан өзара ықпалдастықты айқындайды. Сонымен қатар ол шаруашылықты тек экономикалық құбылыс ретінде емес, мәдени сабақтастықтың, әлеуметтік құрылым мен құқықтық дәстүрлердің ажырамас бөлігі ретінде талдайды [Шалекенов, 1962; 1966; Шалекенов, Шалекенов, 2003].

У.Х. Шалекенов еңбектерінің ерекшелігі – этнографияны тарихи деректермен ұштастыра отырып, отбасылық дәстүрлерді, әдет-ғұрып құқықтарын, рухани мәдениет элементтерін шаруашылық жүйесімен біртұтас мәдени кешен ретінде қарастыруында. Осы тұрғыдан алғанда, оның зерттеулері аймақтық этнологияны жалпы қазақ және қарақалпақ мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіруге бағытталған. Ал, Т.А. Жданко қарақалпақтардың этнографиясына басымдық бере отырып, оларды қазақтармен салыстырмалы тұрғыда қарастырады. Ғалым шаруашылықтың нақты түрлерін – мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулауды этнографиялық дерек ретінде талдап, олардың әлеуметтік құрылымға, қоныстану үлгілеріне және этногенез үдерістеріне ықпалын зерттейді. Оның еңбектерінде ирригациялық жүйелердің рөлі, табиғи ортаға бейімделу механизмдері және шаруашылықтың әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы маңызы айқын көрсетіледі [Жданко, 1950; Жданко, 1964].

Осылайша, екі ғалымның зерттеулері өзара толықтыратын сипатқа ие. У.Х. Шалекенов қазақтар мен қарақалпақтардың этнографиясын кең ауқымда, мәдени және әлеуметтік контексте талдаса, Т.А. Жданко шаруашылықтың нақты этнографиялық деректерін жүйелеп, оның әлеуметтік құрылымға әсерін терең зерттеген. Бұл ғылыми сабақтастық Әмудария мен Арал өңіріндегі халықтардың шаруашылық-мәдени бейімделуін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау Уахит Хамзаұлы Шалекенов еңбектерінде қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесі табиғи-географиялық ортаға бейімделген, тарихи қалыптасқан және өзара ықпалдастықта дамыған күрделі этнографиялық құбылыс ретінде қарастырылатынын көрсетті. Ғалым зерттеулерінде қазақтарда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы жетекші орын алғанымен, Арал маңы мен өзен аңғарларында егіншілік пен балық аулаудың қосалқы, бірақ маңызды рөл атқарғаны дәлелденеді. Ал қарақалпақтарда табиғи жағдайларға сәйкес егіншілік пен балық аулау негізгі шаруашылық салалары ретінде қалыптасып, мал шаруашылығы оларды толықтырған.

Талдау нәтижелері Шалекенов еңбектерінде екі халықтың шаруашылық жүйесі бір-біріне қарама-қарсы емес, керісінше, ортақ экологиялық кеңістік аясында өзара ықпалдасып дамығанын айқындайды. Айырбас пен сауда қатынастары, егіншілік тәжірибесінің, суармалы жүйелер мен балық аулау дағдыларының таралуы қазақтар мен қарақалпақтар арасындағы шаруашылық-мәдени байланыстардың тұрақты болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, У.Х. Шалекенов еңбектері қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесін зерттеуде деректік қана емес, салыстырмалы-тарихи және әдіснамалық маңызы бар ғылыми нәтижелер ұсынады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Уахит Хамзаұлы Шалекенов еңбектері қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін тарихи-этнографиялық тұрғыдан салыстыра зерттеуде айрықша ғылыми маңызға ие. Ғалым Әмудария, Сырдария және Арал маңы өңірлеріндегі халықтардың шаруашылық құрылымын табиғи-географиялық орта, әлеуметтік қатынастар және мәдени дәстүрлермен өзара байланыста қарастырып, олардың тарихи қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты талдады.

У.Х. Шалекенов зерттеулерінде қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйелері айқын салыстырмалы қырынан көрсетіледі. Қазақтарда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының жетекші рөлі сақталғанымен, өзен аңғарлары мен теңіз маңында егіншілік пен балық аулау қосалқы, бірақ маңызды кәсіп ретінде дамығаны анықталады. Ал қарақалпақтарда табиғи жағдайларға сәйкес егіншілік пен балық аулау негізгі шаруашылық салаларына айналып, мал шаруашылығы қосымша сипат алған. Бұл айырмашылықтар өңірдің табиғи-географиялық ерекшеліктерімен қатар, тарихи-әлеуметтік үдерістердің ықпалымен қалыптасқан.

Сонымен бірге ғалым екі халықтың шаруашылық жүйесін бір-бірінен оқшау құбылыс ретінде емес, өзара ықпалдастықта дамыған ортақ шаруашылық-мәдени кеңістік аясында түсіндіреді.

Айырбас пен сауда қатынастары, егіншілік тәжірибесінің, суармалы жүйелердің және балық аулау дағдыларының таралуы қазақтар мен қарақалпақтар арасындағы шаруашылық байланыстардың тығыз болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, У.Х. Шәлекенов еңбектерінде шаруашылық жүйесі тек экономикалық қызмет ретінде емес, мәдени сабақтастық пен этнографиялық тұтастықтың маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Зерттеушінің ғылыми мұрасы қазақтар мен қарақалпақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік беріп, аймақтық этнологияда салыстырмалы-тарихи әдістің маңызын айқындайды. У.Х. Шәлекенов еңбектері арқылы Орталық Азия халықтарының шаруашылық-мәдени бейімделу үлгілері, табиғи ортаға икемделу тетіктері және өзара ықпалдастық формалары ғылыми тұрғыдан негізделді. Осылайша, ғалымның зерттеулері қазақтар мен қарақалпақтардың шаруашылық жүйесін зерттеуде деректік қана емес, теориялық-методологиялық маңызы бар іргелі еңбектер қатарына жатады.

Әдебиеттер

Ақымбек, 2020 – *Ақымбек Е.Ш.* Тағлымы мол ұстаз-ғалым – Уахит Хамзаұлы Шәлекенов [1924–2020] // Археология Казахстана. 2020. № 4. 125–132-бб.

Елеуов, 2022 – *Елеуов М.* Профессор У.Х. Шәлекенов университет археологиялық базасының негізін қалаушы // «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері: қазіргі практикасы мен даму бағыты» атты «I Шәлекенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары / Жауапты редактор Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 3–8-бб.

Жданко, 1950 – *Жданко Т.А.* Очерки исторической этнографии каракалпаков // Труды Института Этнологии РАН. Т. IX. М., 1950. С. 12–20.

Жданко, 1964 – *Жданко Т.А.* Каракалпаки. Основные проблемы этнической истории и этнографии. М., 1964. 73 с.

Қалшабаева, 2022 – *Қалшабаева Б.К.* Есіміңіз әр уақытта есімізде ұлағатты да қамқор ұстаз, отандық тарих ғылымының тарланы // «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері: қазіргі практикасы мен даму бағыты» атты «I Шәлекенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары / Жауапты редактор Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 19–21-бб.

Қартаева, 2014 – *Қартаева Т.Е.* Екі майданда ерлік көрсеткен майдангер ғалым // Отан тарихы. 2014. № 2. 184–186-бб.

Садықов, 1966 – *Садықов А.* Соңы зерттеу // Қазақ әдебиеті. 1966. 9 желтоқсан. 6-б.

Таймагамбетов, 2022 – *Таймагамбетов Ж.К.* Память о человеке, фронтовике, ученом и педагоге – Шәлекенова Уахите Хамзиновиче // «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері: қазіргі практикасы мен даму бағыты» атты «I Шәлекенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары / Жауапты редактор Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 13–18-бб.

Төлеубаев, 2022 – *Төлеубаев Ә.Т.* Қымбатты ұстаз, абыз аға // «Қазақстан археологиясы мен этнология ғылымының өзекті мәселелері: қазіргі практикасы мен даму бағыты» атты «I Шәлекенов оқулары» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары / Жауапты редактор Б.К. Қалшабаева. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 8–12-бб.

Шәлекенов 1966 – *Шәлекенов У.Х.* Из истории казахов низовьев Амударьи в XIX-нач. XX вв. // Сб. по вопросам истории, археологии и этнографии. Алма-Ата, 1978. С. 3–24.

Шәлекенов 1966 – *Шәлекенов У.Х.* Казахи низовьев Амударьи: к истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII–XX вв. Ташкент: Фан, 1966. 335 с.

Шәлекенов, 1953 – *Шәлекенов У.Х.* Социалистическое преобразование быта каракалпацкого крестьянства: по материалам в Чамбайского района Каракалпакой АССР: . Автореферат на соискание канд. Ист. Наук. М., 1953. 28 с.

Шәлекенов, 1958 – *Шәлекенов У.Х.* Быт каракалпацкого крестьянства Чимбайского района в прошлом и настоящем // Материалы исследования по этнографии каракалпаков. Москва: АН СССР, 1958. С. 260–370.

Шәлекенов, 1962 – *Шәлекенов У.Х.* О материалах Кунградского этнографического отряда 1960 года // Вести. Каракалпак, филиала АН УзССР. 1962. № 2. С. 69–77.

Шәлекенов, 1964 – *Шәлекенов У.Х.* К вопросу о взаимоотношениях казахских племен с оседлым и полuosедлым населением Хорезма в XVIII – XIX вв. М.: Наука, 1964. 9 с.

Шәлекенов, 1993 – *Шәлекенов У.Х.* Этнография народов Средней Азии и Казахстана: программа спецкурса. Алма-Ата: КазГУ, 1993. 27 с.

Шәлекенов, Шәлекенов, 2003 – *Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У.* История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII–XXвв. Алматы: Қазақ университеті, 2003. 315 с.

Шәлекенов У.Х., 1988 – Шәлекенов У.Х. // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедиясы. Алматы, 1988. Т.3. 573 бб.

Шәлекенов Уақит Хамзаұлы, 1978 – Шәлекенов Уақит Хамзаұлы // Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1978. Т. 12. 171 б.

References

Akymbek, 2022 – *Akymbek Y.Sh.* Taglymy mol Ustaz-Galym – Uakhit Khamzauly Shalekenov [1924–2020] [A teacher-scholar of great wisdom – Wakhit Khamzauly Shalekenov (1924–2020)]. *Archeology of Kazakhstan*. №. 4. 2020. Pp. 125–132. [in Kazakh]

Eleuov, 2022 – *Eleuov M.* Professor U.Kh. Shalekenov universitet arkheologialyq basasynyn negizin qalashy. «*Qazaqstan arxeologiyasy men etnologiya gylmynyn ozekti maseleleri: qazirgi praktikasy men damu bagyty*» attı «*I Shalekenov oquları*» xalyqaralyq gylmi praktikalyq konferenciya materialdary [Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference “Shalekenov Readings: Current Issues in the Archaeology and Ethnology of Kazakhstan – Contemporary Practice and Development Trends.”]. Responsible Editor: B.K. Kalshabayeva. Almaty, 2022. Pp. 3–8. [in Kazakh]

- Qalshabaeva, 2022 – *Qalshabaeva B.K.* Esminiz ar uakytta esimizde ulagatty da qamqor ustaz, otandyq tariq gylmynyn tarlany. *Qazaqstan arxeologiyası men etnologiya gylmynyn ozekti maseleleri: qazirgi praktikasy men damu bağıtı» attı «I Shalekenov oquları» xalyqaralyq gylmi praktikalyq konferenciya materialdary* [Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference “Shalekenov Readings: Current Issues in the Archaeology and Ethnology of Kazakhstan – Contemporary Practice and Development Trends.”]. Responsible Editor: B.K. Kalshabayeva. Almaty, 2022. Pp. 19–21. [in Kazakh]
- Qartaeva, 2014 – *Qartaeva T.E.* Eki maydanda erlik korsetken maydangar galym [A War Veteran and Scholar Who Displayed Heroism on Two Fronts]. *Otan tarixi*. 2014. № 2 [66]. Pp. 184–186. [in Kazakh]
- Sadykov, 1966. *Sadykov A.* Sony zertteu [A Study]. *Qazaq adebiyeti*. 1966. 9 December, P. 6.
- Shalekenov 1966 – *Shalekenov U.Kh.* Iz istorii kazakhov nizov'ye Amudar'i v XIX-nach. XX vv. [From the History of the Kazakhs of the Lower Amu Darya in the 19th–Early 20th Centuries]. Sb. po voprosam istorii, arkheologii i etnografii. Alma-Ata, 1978. Pp. 3–24. [in Russian]
- Shalekenov U.Kh., 1988 – *Shalekenov U.Kh.* Qazaq SSR: Qısqasha entsiklopediya. Almaty, 1988. T. 3. 573 p. [in Kazakh]
- Shalekenov Uaqıt Khamzauly, 1978 – *Shalekenov Uaqıt Khamzauly*. Qazaq Sovet Entsiklopediyasy. Shalekenov Uaqıt Khamzauly. Almaty, 1978. T. 12. 171 p. [in Kazakh]
- Shalekenov, 1953 – *Shalekenov U.Kh.* Sotsialisticheskoe preobrazovanie byta karakalpakskogo krest'yanstva: po materialam Chambaiskogo raiona Karakalpakskoi ASSR. Avtoreferat na soiskanie kand. ist. Nauk [The Socialist Transformation of the Way of Life of the Karakalpak Peasantry: Based on Materials from the Chimbay District of the Karakalpak ASSR. Author's Abstract of a Candidate Dissertation]. M., 1953. 28 p. [in Russian]
- Shalekenov, 1958 – *Shalekenov U.Kh.* Byt karakalpakskogo krest'yanstva Chimbayskogo rayona v proshlom i nastoyashchem [Past and Present Life of the Karakalpak Peasantry in the Chimbay District]. *Materialy issledovaniya po etnografii karakalpakov*. Moskva: AN SSSR, 1958. Pp. 260–370. [in Russian]
- Shalekenov, 1962 – *Shalekenov U.Kh.* O materialakh Kungradskogo etnograficheskogo otryada 1960 goda [Regarding the Materials of the 1960 Kungrad Ethnographic Expedition] *Vesti. Karakalpak*, filiala AN UzSSR. 1962. № 2. Pp. 69 – 77. [in Russian]
- Shalekenov, 1964 – *Shalekenov U.Kh.* K voprosu o vzaimootnosheniyakh kazakhskikh plemen s osedlym i poluosedlym naseleniyem Khorezma v XVIII – XIX vv. [On the Question of Relations between Kazakh Tribes and the Sedentary and Semi-Sedentary Population of Khorezm in the 18th–19th Centuries] M.: Nauka, 1964. 9 p. [in Russian]
- Shalekenov, 1966 – *Shalekenov U.Kh.* Kazakhi nizov'ev Amudar'i: k istorii vzaimootnosheniy narodov Karakalpakii v XVIII–XX vv. [The Kazakhs of the Lower Amu Darya: Toward a History of Interethnic Relations in Karakalpakia, 18th–20th Centuries]. Tashkent: Fan, 1966. 335 p. [in Russian]
- Shalekenov, 1993 – *Shalekenov U.Kh.* Etnografiya narodov Sredney Azii i Kazakhstana: programma spetskursa [Ethnography of the Peoples of Central Asia and Kazakhstan: A Special Course Syllabus]. Alma-Ata: KazGU, 1993. 27 p. [in Russian]
- Shalekenov, 2003 – *Shalekenov U.Kh., Shalekenov M.U.* Istoria i etnologia narodov Amudarii i Syrdarii v XVIII–XX vv. [The History and Ethnology of the Peoples of the Amu Darya and Syr Darya, 18th–20th Centuries]. Almaty: Qazaq universiteti, 2003. 315 p. [in Kazakh]
- Taimagambetov, 2022 – *Taimagambetov Zh.K.* Pamyat o cheloveke, frontovike, uchenom i pedagoge – Shalekenova Uakhite Khamzinoviche. *Qazaqstan arxeologiyası men etnologiya gylmynyn ozekti maseleleri: qazirgi praktikasy men damu bağıtı» attı «I Shalekenov oquları» xalyqaralyq gylmi praktikalyq konferenciya materialdary* [Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference “Shalekenov Readings: Current Issues in the Archaeology and Ethnology of Kazakhstan – Contemporary Practice and Development Trends.”]. Responsible Editor: B.K. Kalshabayeva. Almaty, 2022. Pp. 13–18. [in Kazakh]
- Toleubaev, 2022 – *Toleubaev A.T.* Qymbatty ustaz, abyz aga. Qazaqstan arxeologiyası men etnologiya gylmynyn ozekti maseleleri: qazirgi praktikasy men damu bağıtı» attı «I Shalekenov oquları» xalyqaralyq gylmi praktikalyq konferenciya materialdary [Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference “Shalekenov Readings: Current Issues in the Archaeology and Ethnology of Kazakhstan – Contemporary Practice and Development Trends.”]. Responsible Editor: B.K. Kalshabayeva. Almaty, 2022. Pp. 8–12. [in Kazakh]
- Zhdanko, 1964 – *Zhdanko T.A.* Karakalpaki. Osnovnye problemy etnicheskoy istorii i etnografii [The Karakalpak: Major Issues in Ethnic History and Ethnography]. M., 1964, 73 p. [in Russian]
- Zhdanko, 1950 – *Zhdanko T.A.* Ocherki istoricheskoy etnografii karakalpakov [Essays on the Historical Ethnography of the Karakalpak]. *Trudy Instituta Etnologii RAN*. T. IX. M., 1950. Pp. 12–20. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS’ PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF “GYLYM ORDASY” AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
